


# Ұлыларды ұлықтады

Жуырда М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде заңға жазушының 125 жылдық мерейтойына орай белгілі опера әншісі, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі «Кәусар» мәдени-танымдық бірлестігінің жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Кенжеғали Мыржықбайдың «Абай және Мұхтар Әуезов» атты дәріс-концерті өтті.

Ұлы суреткердің есімін иеленген біздің университет Мұхтар Әуезовтің айтулы мерейтойына байланысты бірқатар іс-шараны қолға алып, жүзеге асырды. Аса көрнекті жазушының көзі тірісінде Оңтүстік өлкесіне деген ықыласы айрықша болған. Оның себебі де бар. Тұғырлы тұлғаның Семей жерінде кіндік қаны тамып, суреткер, қайраткер болып қалыптасқанымен, Оңтүстік өлкесі де көркемсөз зергеріне бөтен емес, осы өңірде қаламгердің ата-бабасы өмір сүріп, асыл дінімізге қызмет етті. Бір жағынан, біз Мұхтар Әуезовтің оңтүстік аймағына қатысты деректерді қазіргі Шымкент, Түркістан төңірегімен ғана шектемейміз. Оңтүстік дегенде ойымызға Ташкент шаһары да түседі. Ташкент – көне дәуірінің басында бүкіл түркі жұртының ордасы саналды. Сол қалада Мұхтар Әуезовтің де өнегелі ізі қалды. Шындығын айтқанда, Ташкент – жазушы шығармашылығының өлі толық зерттелмеген құпиясы

мол кезеңі. Осы тақырыпқа байланысты «Мұхтартану» зерттеу орталығының ғалымдары «М.Әуезовтің Оңтүстікке сапары» атты ғылыми басылымды жарыққа шығарды. Сонымен қоса биылғы маусым айында университет ұжымы М. Әуезовтің туған жері Абай облысына танымдық экспедиция ұйымдастырып, олар 9 күннің ішінде 5 облыс, 10 елді мекен, 30-дан аса тарихи-мәдени нысанды аралап, 4000-нан астам шақырым жол жүрді.

Міне, осындай заңға жазушыға арналған мерейтойлық іс-шаралар легі өлі толастаған жоқ, соның жалғасы опера әншісі Кенжеғали Мыржықбайдың ұлыларды ұлықтаған концертіне ұласты. Астанадан ат арытып келген күміс көмей әнші тұлғалар өмірінен әсерлі әңгіме өрбітіп, оны әсем сазымен тербеп отырды. Көңілді сергіткен көш барысында хакім Абай атамыздың «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Сегіз аяқ», «Қазағым, қайран жұртым», «Қан сонарда», «Есінде бар ма жас



күннің» атты әндері мен Мұхтар Әуезов либереттосына жазылған «Абай» операсынан ариялар орындаса, А.С.Пушкин шығармашылығынан атакты акынның «Не пой, красавица, при мне...», «В крови горит огонь желанья», «Подъезжая под Ижоры...», «Я вас люблю» және т.б. жанды тебіренген романстарын шырқады. Сондай-ақ Ди Капуаның «O sole mio», В.Чараның «Гордая прелесть осанки»,

А.Варламовтың «Вдоль по улице метелца метёт» туындыларымен бірге Естайдың «Құсни-Қорлан», Ш.Қалдаяқовтың «Кешікпей келем деп ең», «Өнім сен едің», Ә.Бейсеуовтің «Сырласу вальсі» секілді жұрт сүйіп тындайтын әндерді орындап, тыңдаушыларын тәтті етті. Сонымен қатар өрелі өнер иесі жиналған қауымға Абай Құнанбайұлы мен Мұхтар Әуезов өмірінен

тарихи дерекке толы құнды естеліктерді сөйлетті. Жеке шығармашылығына да тоқталып, Илья Жақанов, Мырзатай Жолдасбеков, Мұхтар Шаханов, Ханбибі Есенқарақызы секілді танымал тұлғалармен өнер жолындағы байланысы туралы байыпты әңгіме өрбітті. Белгілі ақын Ханбибі Есенқарақызының сөзіне жазылған «Нұрикамал» әнінің тарихынан сыр шертіп, ол туындының алғашқы орындаушысы өзі екенін сөз арасында айтып өтті.

Мазмұнды іс-шара аясында кәсіби әнші аталған жоғары оқу орнының оқытушылары мен студенттеріне шеберлік сабағын өткізіп, жас өнерпаздарға классикалық шығармаларды орындау ерекшелігі мен дауыс техникасын сақтау туралы дәріс оқыды. Сондай-ақ «Мұхтартану» зерттеу орталығында жұмыс істейтін ғалымдардың еңбектерімен танысты.

Мәдени шара соңында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіндегі ғылыми кеңестің шешімімен Кенжеғали Мыржықбайға аталған оқу орнының «Құрметті профессоры» дипломы табыс етілді.

**Дария ҚОЖАМЖАРОВА,**  
М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры,  
академик